

## Автокөлікті республикалық меншіктен акционерлік қоғамдарға беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1609 Қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын өткізу шеңберінде сатып алынған автомобильдер республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің теңгерімінен «Спорт индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз ету», «Қазспортинвест» акционерлік қоғамдарына акциялар төлеміне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 6 0 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Республикалық меншіктен «Спорт индустриясын материалдық-техникалық қамтамасыз ету», «Қазспортинвест» акционерлік қоғамдарына акциялар төлеміне берілетін автомобильдердің тізбесі**

Акционерлік қоғамның атауы	Автомобиль атауы	Қорап нөмірі	Қозғалтқыш нөмірі	Саны
«Спорт индустриясын материалдық - техникалық қамтамасыз ету» АҚ	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH070075	AXA 016246	1
	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH070190	AXA 016249	1
	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH069312	CFC 026283	1
«Қазспортинвест» АҚ	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH062397	CFC 026025	1
	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH069934	CFC 027101	1
	Vokswagen Multivan Comfort	WV2ZZZ7HZBH069878	CFC 026281	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК